



Автор: Шаяхметова Бибизия Сандибековна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Екі таңбалы сандар



Тақырып: Екі таңбалы сандарды салыстырусандар

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.1.1.2 ** 11-ден 20-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру 1.1.1.3 **20 көлеміндегі сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсінеді; 10/11-20 көлемінде тура және кері санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқиды, жазады және салыстырады; 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтайды, разрядтық қосылғыштарға жіктейді. |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушыларды екі таңбалы сандарды оқуға, жазуға және құрастыруға үйрету. |
| Тілдік мақсаттар: | "Артық," "кем", "тең" біліктер, ондықтар сөздерін қолдану дағдысын қалыптастыру. |
| Күтілетін нәтиже: | Білім алушылар екі таңбалы сандар қатарын және сандар құрамын үйренеді. 11- ден 20 -ға дейінгі сандарды салыстыра біледі. Қанша артық, қанша кем екендігін түсіндіріп айтады. өлеңмен берілген есептерді аузша есептей алады. |
| Бағалау критерийлері: | Сандар қатарын дұрыс жазады; Сандар құрамын айыра алады;Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады; |
| Құндылықтарды дарыту: | Бірін- бірі тыңдау. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | интернет желісі https://bilimland.kz/kk |
| Пәнаралық байланыс: | дүниетану , музыка |
| Бастапқы білім: | Қосудың орын аустырымдылық қасиеті |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-------------------------|---|--|
| Сабақтың басы (5 минут) | <p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру шаттық шеңбері С.1.</p> <p>Өсеміз біз күліп-ойнап, Он</p> <p>саусақтың саласындай,</p> <p>Өсеміз біз күліп-ойнап,</p> <p>Бір адамның баласындай.</p> <p>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!</p> <p>Ж.1.Оқушылар жұппен 11- ден 20 –ға дейінгі сандарды ойлап және оны қағазға жазуды сұраймын. Т.2. шағын топтарға бірігіп жазған сандарын ламинатталған қағаздарға салыстырып жазады</p> <p>1 топ 11,12,13,</p> <p>2 топ 14, 15,16,</p> <p>3 топ 17,18,19,</p> <p>4 топ 20,19,18,</p> <p>5 топ12, 15, 19.</p> <p>Дикриптр: Сандар қатарын дұрыс жазады; Берілген сандарды топта салыстырады.</p> | <p>Image not found or type unknown</p> |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|------------------------------|--|--|
| Сабақтың ортасы (20минут) | <p>.Екі таңбалы сандар құрамы бейне жазба тыңдау. 11- ден 20 – ға дейінгі сандар құрамын анықтау.Тапсырмалар, мен жаттығулар орындау.</p> <p>Ж.Жұмыс парағын жұппен орындайды.</p> <p>Дискриптр -11- ден 20 ға дейінгі сандар қатарын біледі; -Сандар құрамын айыра алады;</p> <p>С.Оқулықпен жұмыс: Қарындаштар . Оқушылар оқулықтағы иллюстарцияны қарайды және қойылған сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жауабы; Қарлығашта 14, Асхаттаа 17 қарындаш. Асхаттың қарындашы артық, 3-ке артық, Д.Мәшинелер жарысы ламинатталған қағаз бетіне орындайды.жұппен өзара тексеру жүреді. Жауабы: а) $15 > 12$, ә) $13 < 19$. б) $9 < 18$. в) $20 > 10$</p> <p>С. Ойлан,тап Неше жаңғақ?</p> <p>1.Портфелімде әуелі, Он үш жаңғақ бар еді. Екі - екіден тараттым. Науат пенен Сағатқа, Самат пенен Маратқа. Апасына Қанаттың, Екі-екіден тараттым. Айта қойшы, ал жаным.</p> <p>2. Барлығы қанша зат? Дүкеннен сабын алдым, Оның және қабын алдым Екі дәптер, бір қарындаш Өшіргішті тағыда алдым. Есептеші сонда бәрі Қанша болды, қолда бары? сергіту жаттығу;</p> <p>Қағазға жазылған тірек сөздерді көрсеткенде оқушылар түрлі қимылдар көрсетеді. «Артық» - оқушылар аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары көтереді. «Кем»- жүрелеп отырып тізесін қолымен құшақтайды. «Тең» - дегенде қолдарын жанына қойып тұзу тұрады.</p> | <p>https://bilimland.kz/k</p> |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------------------|--|--|
| Сабақтың соңы (10 минт) | <p>Д. Тест.</p> <p>1. Әр санның көршілерін жаз. 12 15 18 20</p> <p>2. Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазып көрсетіңіз</p>  <p>3. Сандарды салыстырыңыз. >, <, = таңбаларының тиістісін қойыңыз. 19* 18 20* 19 1 2* 14 15*15</p> <p>Дискриптр Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады;</p> | <p>Image not found or type unknown</p>  |
| Рефлексия (5 мин) | <p>Оқушылар бірнеше сұраққа +; - таңбаларымен жауап береді. Сабақта маған не жеңіл болы?</p> <p>Неден қиналдым ?</p> <p>Екі таңбалы сандарды салыстыра аламын ба?</p> | |
| Сабақ | <p>1 сынып математика пәнінен Екі таңбалы сандар бөлімінде 11- ден 20 -ға дейінгі сандардың жазылуы және сандардың құрамын оқушылар меңгерді.</p> | |